



Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

gazeta\_eltilegi@mail.ru

# ЕЛ ТІЛЕГІ

№7 (811) Сәрсенбі 15 ақпан 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## БИЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ 70 ПАЙЫЗҒА ӨСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар министрлігі Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының курсанттары алдында сөз сөйлеп, еліміздің амандығы мен қауіпсіздігін сақтауда құтқарушылардың мамандығы аса зор сенім мен үлкен жауапкершілікті талап ететінін, соған байланысты биылдан бастап құтқарушылардың еңбекақысы 10-нан 70 пайызға дейін көтерілетінін айтты, - деп хабарлады Ақорда.

«Биылдан бастап құтқарушылардың еңбекақысы 10-нан 70 пайызға дейін көтеріледі. Құтқарушы болу – қиын әрі қатерлі жұмыс. Шын мәнінде, бұл – нағыз ержүрек азаматтардың кәсібі. Төтенше жағдай мамандары жұмыс барысында талай рет ерлік көрсетті. Басқа адамдардың өміріне арыша түсіп, қаза тапқан құтқарушылар аз емес. Олардың қатарында осы Академияның түлегі Асқар Забикулин де бар. «Ер есімі – ел есінде». Батырлардың ерлігі ешқашан ұмытылмауға тиіс», - деді ол.

Осыдан кейін Президент азаматтық қорғау жүйесінің үнемі жаңғыртуды қажет ететінін, бүгінде озық әлемдік тәжірибені үлгі ету, заманауи технологияларды енгізу өте маңызды шаруа болып отырғанын айтып, құтқарушыларды сапалы даярлауға ерекше назар аудару қажеттігін ескертті.

«Бұл мәселеде, әрине командирлер мен оқытушылар негізгі рөл атқарады. Осы ретте оқу жағдайы үлкен маңызға ие», - деді Мемлекет басшысы.

Одан әрі Тоқаев академияның қызметі мен жұмысына қатысты пікір білдірді.

«Академия – еліміздегі кәсіби құтқарушылар даярлайтын бірден-бір оқу орны. Оны ширек

ғасыр ішінде 6 мыңға жуық маман бітіріп шықты. Академия түлектері барлық облыста еңбек етіп жүр. Олар Отан алдындағы борышын адал атқарып келеді.

Халқымызда «Апат айтып келмейді» деген сөз бар. Күзде еліміздің бірнеше аймағы алапат өрттен зардап шекті. Сын сағатта тұрғындарға алдымен еліміздегі жалғыз жоғары оқу орны.

Сөз соңында ол Үкімет Академияның материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелерін пысықтап, жатақхана мен оқу корпусын салуды жоспарлап отырғанын, мемлекет еңбекақыны арттыру және құтқарушылардың әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз етілуін жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылданып жатқанын тілге тиек етті.

Азаматтық қорғау академиясы – төтенше жағдайлардан қорғау саласы бойынша маман даярлайтын еліміздегі жалғыз жоғары оқу орны.

Сонғы уақытта 569 курсант күндізгі бөлімде, 161 курсант қашықтан оқу бөлімінде білім алып жатыр. Сондай-ақ 168 курсант шетелдік салалық жоғары оқу орындарында оқиды.

Академия жыл сайын 150-ден астам офицер даярлап шығарады.

## ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ДАМУЫ БОЙЫНША І ОРЫНДА

«Облыстың өнеркәсіптік өңдеу саласында 54,1 пайыздық өсім қалыптасып, Қызылорда облысы өңірлер арасында өсім қарқыны бойынша бірінші орынға шықты», деді ҚР Үкіметінің отырысында ҚР Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықов.

Үкімет отырысының күн тәртібінде 2023 жылғы қаңтар айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мәселері талқыланды. Жауапты ведомство басшылары баяндама жасап, тиісті ұсыныстарды жеткізді. Оның ішінде, Сыр өңірінің өңдеу өнеркәсібін дамытудағы жоғары көрсеткішке қол жеткізгені ерекше аталып өтілді.

Жиынды қорытындылаған ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов алдағы уақытта назар аударылуы тиіс мәселелерді атап өтіп, жұмыс қарқынын әрі қарай күшейтуді тапсырды.

Үкімет тапсырмаларын орындау бойынша селекторлық жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев экономикалық өсімді қалыптастыру бағытында бөлінген қаражатты уақытылы әрі мақсатқа сай игеру бойынша қала, аудан әкімдері мен басқарма басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

«Облыс аумағында қаңтар айында 1,4 млрд. теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізіліп, өсім 35,9 пайызды құрады. Құрылыс жұмыстары тек Қызылорда қаласында, Жалағаш және Сырдария аудандарында ғана жүзеге асырылған. Қалған аудандарда қаңтар айында құрылыс жұмыстары мүлде атқарылмаған. Сондықтан, облыстық басқарма басшыларына Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша ай сайынғы өсімді қамтамасыз етуді тапсырамын», - деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі көлік және қоймалау

саласының даму көрсеткіші 94,7 пайыз ғана болып, жеңіл толық орындалмағанын сынға алды.

– Бұл саладағы жұмыстың өз деңгейінде жүргізілмегенінен және жауапты басқарма басшысы тарапынан бақылаудың жоқтығынан орын алған, - деді Н.Нәлібаев. Осы кемшіліктерге жол берген облыстық жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары басқармасының басшысы Пақұатдин Шамұратовқа қатысты тиісті шара қабылданбақ.


Жиында өңір экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қала, аудан әкімдері мен облыстық басқарма басшыларына бюджет қаражатын уақытылы әрі сапалы игеру қажеттігі ескертілді. Аймақ басшысы бюджетті атқару бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай мен Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шаменовтің жауапкершілігін қарауды тапсырды. Бұл жоспарлаудағы жүйесіздіктен және бақылаудың осалдығынан болғанын айтты. Күн тәртібіндегі екінші мәселеге қатысты айтсақ, биыл облыста «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының жанынан құрылған «Қызылорда облысының даму орталығы» мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің басшылығы бірлесіп жұмыс жасау керек. Облыс әкімі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәселелерде жергілікті ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыс нәтижелері мен ұсыныс-пікірлерін ескеруді тапсырды.

## ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНУДА

Арал ауданы Жақсыкылыш кентінің тұрғыны Нұржан Жалғасбаев құс өсірумен айналысып, өнімін аудан халқына ұсынып келеді.

Аудан әкімі Серік Сермағамбетов аталған шаруашылық жұмысын көрді. Жеке кәсіпкер аудан басшысына фабрикадағы жұмысты және құсты өсіру, сою, сақтау барысын таныстырды. Бүгінде жоба бастамашысы айына 7 тонна тауық етін өндіріп, аудан

дүкендеріне өткізуде. Шаруашылықта 3 адам жұмыспен қамтылған. Осы кезге дейін өткізілген ауылшаруашылық жәрмеңкелерінде өнім жоғары сұранысқа ие болған. Аудан әкімі кәсіпкерге алдағы уақытта шаруашылықты кеңейту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде тиісті қолдау шаралары көрсетілетіндігін жеткізді. Нұржан Жалғасбаев құс етін өндіру көлемін ұлғайтып, өнімдерді өзге аймақтарға ұсынуға ниетті.



## ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖОЛ- КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ АЗАЙДЫ

«Аймақта жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жаңадан 439 жол белгілері орнатылып, 14 көшенің қиылысына жаңа бағдаршамдар орнатылды.

Сонымен қатар мектептер жанындағы жаяу жүргіншілер өткелдеріне патрульдік және ювеналды полиция инспекторлары қауіпсіздікті қамтамасыз етуде. Жалпы өткен жылы жол-көлік оқиғалары салдарынан зардап шеккендер 4,2 пайызға кеміді. Ал соңғы бір ай көлемінде автоматтандырылған құрылғылардың қолданысқа енгізу нәтижесінде оқыс оқиғалар азайды. Атап айтқанда, облыста қайтыс болғандар 61 пайызға, оның ішінде республикалық жолда опат болғандар 50 пайызға кеміді. Ал жылдамдықты асыру себебінен зардап шеккендер 78 пайызға төмендеді. Сондай-ақ, биыл масан күйде көлік тізгіндегендер тіркелген жоқ», - деді ОПД жергілікті полиция басқармасының бастығы Бауыржан Ибраев.

«Облысымыздағы жол қозғалысының қауіпсіздігі – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Өздеріңізге белгілі, жол-көлік оқиғаларының негізгі себебі – көлік тізгіндеушілер мен жаяу жүргіншілердің жол ережелеріне бей-жай қарауынан болады. Осы ретте біздің қызметкерлер күнделікті жол қозғалысын бақылауда ұстайды. Сондай-ақ, орталық көшелер бойында орналасқан

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

БАСТЫ  
БАЙЛЫҚ –  
ДЕНСАУЛЫҚ



2-бет

МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
КІМГЕ ТЕГІН?



3-бет

ӘДЕП  
ЖӨНІНДЕГІ  
УӘКІЛ –  
МЕМЛЕКЕТТІҢ  
СЕНІМДІ ӨКІЛІ

4-бет

## Қызылордада 4 миллионнан астам кітап қоры бар

Бүгінде өңірде 209 кітапхана бар болса, оның 165-і ауылдық елді мекендерде шоғырланған. Ал облыс бойынша барлығы 4 млн 522 мыңнан астам кітап қоры бар. 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мынжас кітап қорын жасақтау бағытында атқарылған жұмыстарды баяндады.

«Кітап – алтын қазына, білім бұлағы, жан азығы. Бүгінгі кітап сыйлау мерекесі 2012 жылдан бері халықаралық дәрежеде тойланып келеді. Қаламыздағы Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханамызда 42 мыңнан астам кітап қоры бар. Ондағы кітаптардың басым көпшілігі жаңартылған және электронды форматта оқуға ыңғайланып жасалды. Қазіргі таңда халық арасында кітапқа деген көзқарас өзгеріп, ерекше кітапты оқуға құмартан жастар артып келеді. Осыған орай, біз жастарды кітап оқуға тарту мақсатында орталық алаңда «Адалдық кітапханасын» ұйымдастырудамыз. Бұл игі шараның негізгі мақсаты – оқырмандарды бір-бірімен жолықтыру және өздерінің кітаптарымен өзара алмасу болып табылады. Бұл бағыттағы іс-шараларды әрі қарай жалғастыра береміз», - деді Нұрлыбек Кәрібозұлы.

Брифинг барысында «Кітап құрттары» клубының жетекшісі Талғат Меңдібаев аталмыш бері ауқымды жұмыстарын баяндап өтті.

«Бүгінде «Кітап құрттары» атты клубымыз авторлық құқыққа ие болды. Бұл клуб мүшелерінің үздіксіз жұмысының арқасы деп білемін. Біздің клуб екі жыл бойы «Кітап сыйлау» акциясын ұйымдастырып келеді. Осы уақыт ішінде оқырмандарға 3 мыңнан астам кітап сыйладық. Бұдан бөлек, интеллектуалды ойындарды қолға алып, мектеп оқушыларын кітап оқуға тарту мақсатында бағалы сыйлықтар беруді қарастырамыз. Кітап оқысаң заманауи мықты тұлғасың. Бұл идеяны жастардың бойына сіңіргіміз келеді», - деді «Кітап құрттары» клубының жетекшісі Талғат Амангелдіұлы.

«Ел тілегі» ақпарат

## ТҮРКИЯДА МЕРДІГЕР КОМПАНИЯЛАРДЫ ТЕКСЕРУ ЖАЛҒАСУДА

Түркия полициясы жер сілкінісі салдарынан қираған үйлерді салушы құрылыс компанияларының мердігерлерін ұстауды жалғастыруда.

Агенттіктің хабарлауына, ұсталғандар арасында Хатай провинциясында жер сілкінісі кезінде толығымен қираған тұрғын үй кешенінің құрылысына қатысқан мердігер Омер Жихан да бар. Ал Анкарада Жиханның әріптесі Ердоған Кечечіоглы қамауға алынған. Ыстамбұлда мердігер ұйымдардың басшыларын қосқанда тағы бес адам қамауға алынған. Сондай-ақ басылым мәліметінше, Адана прокуратурасы құрылыс компанияларына қатысы бар 62 адамды ұстауға санкция берген. Шанлыурфа билігі 11 адамды ұстап, Малатия билігі 31 адамға

іздеу жариялаған.

Хатай провинциясындағы жер сілкінісінен кейін толығымен қираған Ronesans Rezidans тұрғын үй кешенінің бас сәулетшісі Мехмет Чшар Чоскун елден ұшып кетпек болған кезінде Ыстамбұл әуежайында ұсталған болатын. Айта кетсек, Түркия билігі жер сілкінісінен кейін 10 провинциядағы ғимараттардың жағдайын бағалады. Сарапшылар мыңдаған ғимараттарды бұзуға тура келеді деген қорытындыға келген. Сонымен қатар Газантеп провинциясындағы қалалардың бірі толығымен жойылатын болды. Қала қайта салынады.

## 27 МЫҢҒА ЖУЫҚ ШЕТЕЛДІК КӨЛІК ЗАНДАСТЫРЫЛДЫ

Қазақстанда шетелдік көлікті заңдастыру басталғаннан бері 20 күн өтті. Осы уақытқа дейін Қазақстанда 27 мыңға жуық көлік тіркелген. Тағы 65 мыңнан астам автокөлік алдын ала тексеруден өтіп, нөмірін салыстыруға және одан әрі тіркеуге жіберілді.



Сонымен бірге ПМ автокөліктерді заңдастыру процесінде туындайтын мәселелерді шешу үшін талдау жүргізіп жатыр. Атап айтқанда, заңдастыру процесінде көбіне басқару органдары оң жақта орналасқан автокөліктер анықталды. Олар ел аумағына қосалқы бөлшектер түрінде әкелініп, кейіннен Қазақстан азаматтарына сатылған. Аталған көліктер бойынша Ішкі істер министрлігі мемлекеттік органдармен бірлесіп, оларды Қазақстанда бастапқы тіркеудің құқықтық тегітерін әзірледі. Қазір заңмен рәсімдеу жүргізіліп жатыр.

## ЖҮК КӨЛІГІ ӨРТЕНДІ

Дүйсенбі күні «Самара-Шымкент» тас жолының 1533 шақырымында Қазалы ауданынан 53 шақырым қашықтықта жүк көлігі өртеніп жатқаны жөнінде хабарлама түсті.



Аталған шақыртуға орай Қазалы ауданындағы №9 өрт сөндіру бөлімінен 6 қызметкер 1 техникасымен оқиға орнына жөнелтілді. Оқиға орнына жеткен өрт сөндірушілердің барлау жұмыстарының нәтижесінде Өзбекстан Республикасынан шыққан «МАН» маркалы жүк автокөлігінің тіркемесіне тиелген 600 қорап киім-кешектің 60 қорабы жанып жатқаны анықталды. Өрт сөндірушілердің жедел әрі нақты іс-қимылының нәтижесінде тіркемеді жиналған қалған киімнің өртенуіне жол берілмей, 540 қорап киімді өрттен аман алып қалды. Өрт сағат 13-тен 40 минут өткенде толық сөндірілді. Қазіргі таңда өрттің шығу себебі мен шығыны анықталуда.

## ҰРЫЛАР ҰСТАЛДЫ



Қызылорда облысы Полиция департаментінің Сырдария аудандық полиция бөліміне ауылдың 3 тұрғынынан тұлғалығы жөнінде арыз түсті.

Барымташылар олардың жайылымда жүрген 8 бас сиырларын ұрлаған. Жедел-іздістері шаралары барысында полиция қызметкерлері күдікті ретінде 25 жастағы аудан тұрғынын анықтап, ұстады. Айғақ заттар ретінде ұрланған малдардың терісі және сирақтары алынды. Жәбірленушілерге келтірілген шығынның соммасы 3 млн. 500 мың теңгені құрады. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қазіргі таңда осы қылмысқа қатысы бар басқа да тұлғаларды анықтау мақсатында жедел – іздістері іс – шарасы жүргізілуде. Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-1 - бабынан 3-бөлігімен (Мал ұрлығы) сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Оқиғаның қалған мән-жайлары анықталуда.

## БАСТЫ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

Туберкулездің қауіптілігі соншалық, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы оны ВИЧ-іне теңестіріп қояды. ДДСҰ мәліметінше, осы дерттен 1,7 млн. адам қайтыс болған. Жыл сайын 8,8 миллион адам туберкулезбен ауырады. Ем қабылдамаған әрбір науқас 1 адамнан 15 адамға жұқтырады. Туберкулезге шалдыққандардың 75%-ы 20-40 жас аралығындағы адамдарды құрайды.

### Туберкулез қалайша тарайды?

Дені сау адам туберкулезбен ауыратын науқас жөтелген, түшкірген, онымен сөйлескен кезде жұқтырады. Туберкулездің ашық түрімен ауыратын бір науқас 24 сағат ішінде он миллиард бактерия бөледі, жөтелген кезде ауа арқылы таралады және қоршағандарға жұқтырады. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы микобактериялар тозданданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды. Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талаптарды сақтаса, онда ол айналадағыларға қауіпсіз. Бұл дерт тұқым қуаламайды. Туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады.

Туберкулез науқасымен кімдер тез ауырады немесе бейім тұрады?

Туберкулез иммунитеті әлсіз адамдар үшін қауіпті болып саналады. Ал, иммунитеттің әлсіреуіне шаршап-шалдығу, дұрыс тамақтанбау, күйзеліс, қорғаныс жүйесі жұмысының бұзылуына әкеп соқтыратын басқа да аурулар себеп. Туберкулез жұқтыру қаупі жоғары саналатын топқа балалар мен қарттар да жатады. Өйткені, олардың имундық жүйесі әлсіз.

а) байлығына немесе дәйегілігіне қарамай санитарлық-ағарту мәдениеті төмен адамдар ауруға бейім тұрады; б) ауақытында тамақтанбайтындар, өз денсаулығына мән бермейтіндер; в) маскүнемдер, нашакорлар, жүйкесі тозғандар, есі ауысқандар, үй-жайы жоқ кезбелер; г) гормон дәрілерін көп қабылдайтындар; д) дұтмаумен жиі ауыратындар, қан диабеті, өкпе-тыныс жолдары сырқатының созылмалы



түрі мен асқазан-ішек жараларымен ауыратындар; е) туберкулез науқасымен қарым-қатынас жасайтын барлық жанұя мүшелері, жұмыс қызметтестері; ж) жас балалар, жүкті әйелдер, кәрі кісілер туберкулезге бейім тұрады.

### Туберкулез белгілері

Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел. Шаршау және әлсіздік. Дене салмағының төмендеуі. Температураның ұзақ көтерілуі. Түнде тершендік. Кеуде қуысындағы ауырсыну. Қан түкіру.

Туберкулезді қалай анықтауға болады? 1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді. 2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді. 3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

### Туберкулездің алдын алу шаралары

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы - күн тәртібін құру және ағзаны

шынықтыру. 2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақытылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан

Егер бала Манту сынағанын бағалау нәтижесі бойынша жұқтырса, аурудың анықтау үшін оны туберкулезге қарсы диспансерде қосымша тексеруді және алдын алу мақсатында, ауру дамымау үшін профилактикалық ем шипажай немесе амбулаторлық жағдайда тағайындалады.

Үйіңізде туберкулезбен ауыратын адам болса, не істеу керек?

Туберкулез таяқшаарын бөлетін науқас мамандандырылған ауруханада емделеді. Ем ұзақ болады, бірақ ол туберкулезді жеңудің қажетті шарты болып табылады. Науқасқа үйде болуға, яғни амбулаториялық жағдайда емделуге рұқсат берсе, онда ол дәрілік заттарды жиі қабылдауды жалғастыруы тиіс. Бұл кезеңде жақын адамдардың қолдауы аса маңызды. Науқасқа осы ауыр кезеңде отбасының барлық мүшелерінің қолдайтынның білдірініз, бірақ отбасы мүшелеріне жұқтырмау үшін дәрігердің нұсқаулықтарын қадағалау және қауіпсіздік шараларын қолдану қажет. Ол үшін: оған бөлек бөлме бөліңіз; жеке ыдыс-аяқ беріңіз (оны бөлек жуу және қайнату керек); науқастың киім-кешектерін бөлек жуыңыз және қайнатыңыз (қайнату және үтіктеу оны зарарсыздандырады); науқастың бөлмесін зарарсыздандыру заттарын қолданумен ылғалды жуып-шаю жұмыстарын жиі жүргізу керек (хлор); Жөтелген кезде науқас аузын қол орамалмен немесе бетпердемен жабуы керек; Науқастың қақырықты көше немесе жалпы қолдану орындарында емес, бөлінген ыдысқа түкіруі қажет; Науқастың балалармен қарым-қатынасын шектету керек (балалар туберкулезбен ауыру қаупі жоғары); Науқаспен байланыс жасаған барлық отбасы мүшелері 6 ай сайын туберкулезге тексерулері керек. Демалу, еңбек ету режимін дұрыс қадағалаған, дәрігердің барлық нұсқаулықтарын орындаған жағдайда науқас аман болады.

«Басты байлық денсаулық» демекші сөз соңында айтармыз яғни ересектер жылына 1 рет флюорографиялық тексерілуден өтсе, ал балалар жылына 1 рет манту сынағанын салдыру керек.

Күлшат ЕРАЛИЕВА,  
№4 қалалық фтизиопедиатр

## ҚЫЗЫЛОРДАДА ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТПЕГЕН

Елімізде бес колледж студенттерді лицензиясыз оқытқан. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінде айтылды. Мемлекеттік аттестаттау кезінде техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы бірқатар жүйелік проблемалар анықталды.

Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ақпараты бойынша, биыл елімізде 520 колледжі мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Бақылау шараларынан бұрын олардың әрқайсысында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Мемлекеттік аттестаттауды өткізу

лицензиясыз білім беру қызметімен айналысатын колледждерді анықтауға ықпал етті. Бұл Қостанай облысының Денисов кәсіптік-техникалық колледжі, Қарағанды облысының А.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжі, Қарағанды жоғары гуманитарлық, Ақтөбе

гуманитарлық-техникалық колледж және Теміртау жоғары политехникалық колледжі», – дейді Комитет төрағасы Ернұр Дәуенов.

Сондай-ақ тексерілген 315 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының 198-і аттестаттаудан өтпеген. Олардың басым бөлігі Ақмола, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Алматы, Қызылорда, Павлодар, Жетісу және Түркістан облыстарында орналасқан. Аттестаттаудан өтпеу себептері – техникалық және кәсіптік білім ұйымдары әзірлейтін білім беру бағдарламаларына сай болмауы, МЖМБС талаптарына сәйкес

оқытушылардың сапалық құрамының (салаға сай мамандар емес, тиісті санаттағы оқытушылардың аздығы) болмауы. Бұдан басқа, өндірістік оқытуды жоспарлау мен өткізудегі, оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалаудағы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жеке оқу бағдарламалары мен жоспар дайындаудағы қателіктердің орын алуы. Бұл ретте Астана және Алматы қалаларының, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Атырау облыстарының колледждері жақсы нәтижелер көрсетіп отыр.

## ІСТЕРДІ РӘСІМДЕП, АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САТЫҒА ЖОЛДАУ ТӘРТІБІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жанакорған аудандық сотында «Қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің апелляциялық сот алқасына жолдануы» тақырыбында семинар өткізілді.

Семинарға аудандық соттың кеңсе меңгерушісі мен сот қызметкерлері қатысты. Семинарда барысында аталған тақырып бойынша бас маман сот отырысының хатшысы Э.Серікбаева баяндама жасады. Э.Серікбаева өз баяндамасында, апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты шешім шығарған сот арқылы берілетінін, бірінші сатыдағы соттың судьясы мерзімінде берілген апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын алғаннан кейін түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілетінін айтты.

Сондай-ақ, үкім, қаулы жария етілген күннен бастап он бес тәулік ішінде апелляциялық шағымдар беріледі, прокурордың өтінішхаттары келтіріледі, ал күзетпен ұсталатын сотталған адам оларды өзіне үкімнің, қаулының көшірмесі табыс етілген күннен бастап дәл сондай мерзімде бере алады делі.

Сонымен қатар, сот қаулысына шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты қаулы етілген күннен бастап он тәулік ішінде, ал егер өзі жөнінде іс қаралып жатқан тұлға, жәбірленуші, жәбірленушінің заңды өкілі осы тұлғалар істі қарауға қатыспаса, оны алған күннен бастап беретінін, судьяның әкімшілік қамаққа алу түрінде жаза қолдану туралы қаулысына шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты жоғары тұрған сотқа шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты алынған күні жіберілуге жататынын, сот қаулысына шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты қаулы шығарған сотқа жіберілетінін айтты.

Семинар соңында қатысушылар аталған тақырып жайында туындайтын түрлі сұрақтарды ортаға салып тақырыпты кеңінен талқылап, өз ойларын бөлісті.

## СОТ ТӨРАҒАСЫНА АЛҒЫС БІЛДІРІЛДІ

Қызылорда облыстық сотының төрағасының атына Қармақшы ауданы, Төретам кентінің тұрғыны, жеке кәсіпкер М.Санкибасадан Қармақшы аудандық сотының төрағасы Қ.Мыхановқа алғыс айту хаты келіп түсті.

Автор алғысында: «Мен талап қоюшы М.Санкибаева жеке кәсіпкер және көп балалы ана кәсіпкерлікті дамыту жобасына қатысушы болып, мемлекеттік грант беру шартына сәйкес нысаналы мақсатқа пайдалану, оның ішінде бизнес жоспар бойынша жылқы (сауын бие) малын алып асырап сауып, жұмыспен өз-



өзін қамту үшін ақша алдым. Алайда, сатып алынған 2 бас малымды ветеринар дәрігер тіркеуден бас тартып, нәтижесінде тиісті органға құжаттарымды уақытылы ұсына алмадым.

Мен өзімнің құқықтарымды қорғау үшін, Қармақшы аудандық сотына ӨРПК-нің талаптарына сай «Ветеринария станциясы» КМК-ның әрекетіне шағым бердім. Істі қараған сот

төрағасы Қ.Мыханов, алдын-ала сот отырысында тараптарға заңды түсіндіріп, нәтижесінде дау өзара келісіммен тез шешімін тапты» деп көрсеткен.

Сонымен қатар автор сот төрағасына алғыс айта отырып, қара қылды қажетті еділ шешім шығара білетін білімділігі мен қарапайымдылығының арқасында мерейі үстем болсын деп тілек білдірген.

## Әскери зейнетақыда қандай өзгеріс болады?

Келісімшарт мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыстан босатылған қазақстандық әскери қызметшілерге еңбек өтілі үшін зейнетақы төлемдеріне құқық беріледі.

Бірақ зейнетақы алу үшін еңбек өтілі мен жалпы еңбек өтілі 25 жылдан кем болмауы керек. Бұл туралы Қорғаныс министрлігі өкілдері хабарлады.

Сондай-ақ, департамент 2016 жылғы 1 қаңтардан кейін жұмыстан босатылған әскерилерге мемлекеттік базалық зейнетақы құқығын беру мүмкіндігін қарастырып жатыр. 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін қызметке кірген және 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін жұмыстан босатылғандардың зейнетақысын индексациялау да министрліктің бағытауында.

МӘМС

# МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ КІМГЕ ТЕГІН?

**2023 жылы мемлекет 15 жеңілдікті санаттағы әрбір азамат үшін ай сайын 4 505,6 теңге көлемінде жарна төлейді. МӘМС жүйесіне кім жарна төлеуден босатылады және азаматтардың 15 жеңілдік санатының қатарына кіру үшін қайда өтініш беру керек? Осы және басқа да сұрақтармен біз Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовке жүгіндік.**

Мемлекет есебінен МӘМС үшін жарна төленетін жеңілдікке ие 15 санат қатарына кімдер және қалай кіреді, соған назар аударсақ.

1) 18 жасқа дейінгі балалар. Балаға туу туралы куәлігі табыс-талған, яғни жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) берілген уақыттан бастап «сақтандырылған» болып саналады.

2) Жұмыссыз ретінде ресми тіркелген тұлғалар. Мұндай мәртебе алу үшін Халықты жұмыспен қамту орталығына барып, жұмыссыз ретінде ресми тіркелуі қажет.

3) Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер. Аталған жеңілдік санатына ену үшін әйел тіркелген емханада жүктілігі бойынша уақтылы есепке тұруға тиіс. Соңғы 2 айда ол үшін зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың болмауы шарт. Жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелген және өз қызметін тоқтатпаған әйелдер, сондай-ақ БЖГ төлейтін әйелдер жұмыс істейтін болып саналады және жеңілдік санатына енгізілмейді.

4) Үш жасқа толмаған бала тәрбиесімен айналысатын жұмыс істемейтін тұлға. Бұл санаттағылар автоматты түрде «сақтандырылған» мәртебесіне ие болады. Бірақ ресми түрде жұмыс істемеуі және де олардың атына соңғы 2 айда зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар жасалмаған болуы керек.

5) Жүктілікке және босануға, жана туған баланы асырап алуға байланысты, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс-тағы жұмыс істемейтін тұлға. Олар демалысқа ресми түрде шыққан кезде «сақтандырылған» мәртебесін алады.

6) Мүгедек баланы күтіп-бағатын, жұмыс істемейтін адамдар. Баланың тиісті құжаттарын дайындаған кезде күтім жасайтын тұлғаның мәліметтері дерек-қорға енгізіледі. Кейін автоматты түрде «сақтандырылған» мәртебесін иеленеді.

7) Бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын жұмыс істемейтін адам. Мүмкін-дігі шектеулі жанның тиісті құжаттарын дайындаған кезде күтім жасайтын тұлғаның мәліметтері дерекқорға енгізіледі. Ізінше «сақтандырылған» мәртебесі автоматты түрде беріледі.

8) Зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері. Бұл жерде мемлекеттен сақтандырылғандардың тізіміне Қазақ-станның Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы алатындардың ғана енгізілгенін атап өту қажет. Зейнетақыны әлі ресми түрде рәсімдемеген адамдар және басқа мемлекеттерден зейнетақы алатын адамдар жеңілдік мәртебесін ала алмайды.

9) Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінде сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдар. Бұл жеңілдік санатына ену үшін қамаудағы мекеменің жауапты қызметкері жазасын өтеуші адамның деректерін ақпараттық жүйеге енгізуі қажет.

10) Тергеу изоляторларындағы адамдар, сондай-ақ ұйымақ түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған жұмыс істемейтін адамдар. Бұл санаттағы жаңдар туралы мәліметті уәкілетті органның қызметкерлері жүйеге енгізіледі.

11) Жұмыс істемейтін қандастар. «Қандас» куәлігін алған соң, соңғы екі айда МӘМС үшін төлем жасалмаған болу керек. Сонда автоматты түрде жеңілдік санатына енгізіледі.

12) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ І және ІІ дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар автоматты түрде «сақтандырылған» мәртебесіне ие болады.

13) Мүгедектер. Ресми құжатты шыққан кезде, мәртебе автоматты түрде беріледі.

14) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алатын тұлғалар. Қазақстанда оқитын студенттер жеңілдетіл-ген санатқа автоматты түрде қосылады.

Бұл жерде шетелдік оқу орындарында күндіз оқитын қазақстандық студенттер МӘМС жүйесінде «сақтандырылған» тұлғалардың автоматты түрдегі жеңілдік мәртебесін бірден ала алмайтын ескеру керек. Олар egov.kz электронды үкімет порталындағы сервисі пайдалана отырып, жүйеде өз бе-тініше тіркелуі қажет. Ол үшін төмендегі әрекеттерді орындау керек:

- Іздеу жолағына «Шетелде оқитын студенттерді тіркеу» деп теру;

- Ашылған терезеде өтінішті толтыру және оқуды растайтын құжаттарды қоса беру;

- Өтінішке ЭЦҚ көмегімен қол қою;

- Көп жағдайда сақтандырудың жеңілдік мәртебесі жолдарды дұрыс толтырған уақытта 10 жұмыс күні ішінде беріледі;

- Егер сақтандырудың жеңілдік мәртебесін беру көрсетілген мерзімнің ішінде жүзеге асырылмаса, Білім және ғылым министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаментіне хабарласу қажет.

Студент әрбір семестр аяқталғаннан кейін сақтандырылу мәртебесін тексеруі және оқудың өзектілігін растауы қажет екенін есінде ұстағаны дұрыс. Өйткені дерекқордағы мәліметтер өзгеруі мүмкін.

15) Жұмыс істемейтін мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек алушылар. Әлеуметтік төлем тағайындалған кезде «сақтандырылған» мәртебесі автоматты түрде беріледі.

Егер сіз осы 15 санаттың біріне кірсеңіз, бірақ «сақтандырылмаған» болсаңыз, растайтын құжаттар тізімін жинап, Халыққа қызмет көрсету орталығына тапсыруыңыз керек. Ақпарат мемлекеттік органдарға жолданып, тиісті шаралардан соң сізге «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесі беріледі және сіз үшін мемлекет жарна төлейді

Ж.ҚАСЫМ

# ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Арал

## ОТБАСЫ - ТӘРБИЕ БЕСІГІ

**Арал ауданында білім саласының қызметкерлері мен ата-аналардың «Отбасы - тәрбие бесігі» атты бірлескен кеңесі өткізілді.**

Кеңеске облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет, аудан әкімі Серік Сермағанбетов, бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл Жапырақ Ұзақбаева, ата-аналар мен білім саласының қызметкерлері, ардагерлер, құқық қорғау органдарының және салалық бөлімдердің басшылары қатысты. Жиынның модераторы, аудан әкімі Серік Сағитжанұлы бүгінгі бірлескен кеңестің маңыздылығын айтып, ауданда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына тоқталды. Кеңейтілген кеңестің күн тәртібіне сәйкес, білім бөлімінің басшысы С.Жанназарова білім беру ұйымдарында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері туралы айтыса, аудандық полиция бөлімінің бастығы Н.Шегебаев көмелетке

толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына байланысты және ауданаралық аурухананың бас дәрігері М.Рышымбетовтың ерте жүктіліктің алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде хабарлама жасады. Сонымен қатар №13 орта мектебінің әкелер кеңесінің төрағасы В.Чумаш үштік одақтың жұмысы жайлы айтса, бала құқығы жөніндегі өңірлік уәкіл Ж.Ұзақбаева баланың әлеуметтік қорғалуы туралы ойын ортаға салды. Мұнан соң облыстық білім басқармасының басшысы М.Шермағанбет білім беру ұйымдарында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың, суицидтің, кибербуллингтің алдын алу, болдырмау және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы бірқатар мәселелерге тоқталды.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, өткен жылдарға

қарағанда құқық бұзушылық фактілері бойынша көрсеткіштер біршама төмендеген. Бірақ мәселе бала тағдырына тікелей қатысты болғандықтан біздің басты мақсатымыз – өңірдің ерекшелігіне сәйкес жас ұрпақты ұлттық тәрбие өзегінде тәрбиелеу, келенсіз жайттардың алдын алу және болдырмау. Сонымен қатар, сынып жетекшілері мен тәрбие ісіне жауапты орынбасарлардың жұмыстарын жүйелеп, озық тәжірибелерді білім беру ұйымдарына енгізуіміз қажет, - деді Мейрамбек Зинабидіңұлы.

Бірлескен кеңестің соңында басқарма басшысы білім бөліміне мектептерде рухани-адамгершілік тәрбие беру, адамзаттық құндылықтарды дамытуда «Ата-аналар комитеті», «Әжелер мектебі», «Әкелер кеңесі», «Аналар Академиясы» пен зорлық-зомбылықтың, суицидтің, кибербуллингтің алдын алу, болдырмау және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы бірқатар мәселелерге тоқталды.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, өткен жылдарға

Қазалы

## 17612 ГЕКТАР ЖЕРГЕ ЕГІН ЕГУ ЖОСПАРЛАНУДА

**Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев егін шаруашылығының басшыларымен кездесіп, көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысын талқылады.**

Шаруалардың егіс науқанына дайындығы туралы аудан әкімінің орынбасары К.Назымбеков, су шаруашылығы жағдайын жөнінде «Қазалысушар»

өндірістік учаскесінің басшысы Н.Әбілдаев баяндалды. Быылғы жылы ауданда 17612 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарлануда.

Көктемгі дала жұмыстарына 291 дана ауыл шаруашылығы техникасы қатысады. Мәжіліс барысында аудан басшысы көктемде келетін мол суды тиімді пайдаланып, егіске жарату бағытында шаралар қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, тұқым дайындау, жанар-жағармай қорын қалыптастыру, техникалардың әзірлігі мәселелері пысықталды.

Сырдария

## МӘСЕЛЕ ШЕШІМІН ТАПСА ИГІ

**Сырдария ауданының әкімі Мұрат Ерғешбаев Шіркейлі ауылының тұрғындарымен кездесті.**

Кездесуге арнайы облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов, облыстық құқық қорғау органдарының өкілдері, қоғамдық ұйымдар, тиісті басқармалардың басшылары мен аудандық дербес бөлімдер, коммуналдық сала басшылары қатысты. Кездесу барысында аудан әкімі Мұрат Нөлхожаұлы аймақтағы соңғы жаңалықтар мен атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, аудан көлеміндегі жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды. Сонымен қатар, биылғы жылы атқарылатын аудан көлеміндегі жоспарларға тоқталды. Быыл аудан бойынша 11,6 млрд теңгенің 75 жобасы республикалық және облыстық бюджетке ұсынылып, қазіргі таңда 7,7 млрд теңгенің жобаларына тиісті қаржылық қолдаулар көрсетілді. Алдағы бюджеттік нақтылауларда қалған

жобаларға қаржы алу мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Оның ішінде, Шіркейлі ауылы бойынша биыл ауылдық фельдшерлік-акушерлік бекетке күрделі жөндеу жүргізіліп, аяқталуға жақын тұр. Ауылдағы Қ.Қожамжаров және Бейбітшілік көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бүгінде тиісті мемлекеттік сатып алу жұмыстары жасалуда.

Ауылдық округ бойынша 136 кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрғаны 131, оның ішінде: жеке кәсіпкерлер - 100, шаруа қожалықтары - 30 және жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - 1. Аграрлық несиелік қорпартиясы арқылы «Әскер» бағдарламасы бойынша 8 кәсіпкер 27 млн теңге несиелік жұмыс жасауда. «Микробизнес-Қызылорда» бағдарламасы бойынша 2 кәсіпкер мал бордақылау

бағытында 6 млн теңге несиеленген. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті қолдаудың ұлттық жобасы аясында жана бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант 1 225 200 теңге бойынша ауылдық округтен 34 адам грант алып, жұмыс жасауда.

Кездесу барысында үлескерлер арасында соңғы уақытта көтеріліп жүрген «Мәді қажы» ЖШС-нің төрағасын ауыстыру мәселесі де көтерілді. Бүгінгі жиынға арнайы келген облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Салауатулы Қожаниязов тиісті заңнамалық тұрғыда түсіндірме берді. Шаруашылық және үлескерлер арасындағы мәселені зерделей келе, халықтың ұсынысымен заңды тұрғыда тиісті нормаларды сақтай отырып, шаруашылық төрағасын жалпы жиналыс өткізу арқылы сайлауға келісімге келді. Заң талаптарына сәйкес, алдын ала хабарлама беріліп, күні белгіленетін болады.

Жалағаш

## ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ БЕСІГІ

**Жалағаш ауданының әкімі Асқарбек Есжановтың қатысуымен ауданның білім саласы қызметкерлері мен ата-аналардың «Отбасы – тәрбие бесігі» атты бірлескен кеңесі өтті.**

Кеңесті айтқыскер ақын Мұхтар Ниязов жүргізді. Облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет бала құқығы жөніндегі уәкіл Ұзақбаева Жапырақ Бегімбайқызы, облыстық кеңестің жұмысшы топ мүшесі Райқұл Байназарова аталмыш жиынға арнайы қатысты. Негізгі мақсат жана ғасырда, қоғам мүддесіне сай лайықты жан-жақты жетілген ертеңгі қоғам негері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру ата-ананың, балабақшаның, мектептің, жалпы қоғамның міндеті түсіндіру және пікір алмасу арқылы талдау, ортақ шешімге келу.Шара барысында спикерлер ата-аналарға түрлі тақырыптар бойынша баяндама жасады. Атап айтқанда: «Ауданның білім беру ұйымдарында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері» туралы аудандық білім бөлімінің басшысы Садықов Талғат Құрақбайұлы, бала құқығы жөніндегі уәкіл, психолог маман Ұзақбаева Жапырақ Бегімбайқызы, «Көмелетке

толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары» туралы аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Мәулен Әсер «Көмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру» туралы аудандық аурухананың бас дәрігері Мақсұтов Еркебұлан Мақсұтұлы, «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің ата-аналар комитетінің төрайымы Құттымбетова Эльмира Мергенбайқызы хабарлама жасады.

Аудан әкімі Есжанов Асқарбек Темірбекұлы басқосудың маңызын ескере отырып, қай кезде де ұрпақ тәрбиесін бірінші орынға қоятынның, еңбек пен білімді ұштастыра білген әрбір ата-ана үшін баласының болашағы бәрінен қымбат екенін және бүгінгі кездесуге аудан әкімі ретінде емес, ата-ана ретінде ашық пікірлесіп, балалар тәрбиесі жайлы ой-пікірлерді бүкпесіз еркін ортаға салып, мәселелерді бірге шешуге шақырды.

Мектептерде, білім мекемелерінде ұлттық тәрбиеге жете мән беріп, «Аналар академиясы», «Әкелер кеңесі» мен ата-аналар комитетінің жұмысын жандандыру қажеттігін ескере отырып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар берді.

– Аудандық мәдениет және спорт бөлімі білім бөлімімен бірлесіп, балалардың бос уақытын тиімді пайдалануды үйлестіру бойынша бірлескен кеңеші шаралар қабылдауы тиіс. Әсіресе, ерекше бақылауды қажет ететін, түрлі санаттағы отбасы балаларын шығармашылық және спорттық секцияларға тарту жұмыстарын үйлестіру қажет. Осы орайда салауатты өмір салтын қалыптастыру, балалар мен жасөспірім құқықтары мен жасөспірім қыздардың денсаулығын нығайту бағытындағы жұмыстарды да назардан тыс қалдырмаған жөн. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі білім мекемелерімен бірлесіп, түрлі санаттағы отбасыларға талдау жасап, тиісті шаралар қабылдауы қажет. Аудандық полиция бөлімі білім мекемелерімен бірлесіп, жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылық, кибербуллинг әрекеттерінің алдын алу жұмыстарын жүргізуі қажет, – деді аудан әкімі.

# МЕМОРАНДУМ-БІРЛЕСЕ ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ЗОР МҮМКІНДІК

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Сабыров Асхат Абақасұлы мен «№4 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнның бас дәрігері Пиржанова Бақыт Махатаевна қарым қатынастың тиімділігін көтеру мақсатында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Меморандумның мақсаты – соттың өндірісінде қаралатын «келікті анықтау» санатындағы азаматтық істер бойынша сот-молекулярлық генетикалық сараптама сына үлгілерді уақтылы жолдап, істерді заңда белгіленген уақытта қарау.

Сот-молекулярлық генетикалық сараптамасын жүргізу үшін тараптардан (болжалы әкесі, анасы, баласы), ауыз куысынан, медициналық қызметкер бұққал эпителийін алып, арнайы пакеттерге салады. Сот мамандары үлгілерді сараптамаға жолдайды. БУҚКАЛЫДЫ эпителий ДНК - ның стандартты үлгісі болып саналады-бұл адамның ауыз куысындағы жасушалар.

Бұққалды эпителий бірнеше себептерге байланысты ДНК сынағы үшін әмбебап материал болып табылады: Жинау процедурасы қарапайым, ауырталықсыз және арнайы дағдыларды қажет етпейді. Бұл әсіресе әлсіз анықтау туралы даулар бойынша сараптамаларын жүргізу кезінде жас балалардан биоматериалды алу кезінде маңызды. Іріктеу ережелерін сақтай отырып, мұндай үлгіден ДНК - ны сотті оқшаулау ықтималдығы 99% құрайды. Бұққалды эпителийді сақтау және тасымалдау қан сияқты ерекше жағдайларды қажет етпейді. 3 айға дейінгі материал зерттеуге жарамды.

Сот төрағасы А.Сабыров пен бас дәрігер Б.Пиржанова меморандум өз нәтижесін береді деп сенім білдірді.

# СОТПЕН ӨСИЕТ ЖӘНЕ МҰРАҒА ҚҰҚЫҚ КУӘЛІГІ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛДЫ

**Қызылорда қалалық сотында талап қоюшы Я.-ның жауапкерлері Г.-ға, жеке нотариус Л.-ға А.-ның атына берілген мұраға құқық куәлігін және өсиетті жарамсыз деп тану туралы азаматтық ісі қаралды.**

Талап қоюшы Я. жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, өз талабында даулы пәтер әкесі А.-ның атында болғанын, 1997 жылы әкесі қайтыс болып, 2021 жылдың маусым айында

ағасы А. даулы пәтерді мұрагерлік тәртіппен өз атына рәсімдеп, жеке нотариус Л.-мен куәландырылған заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік алғаны және ағасының қайтыс болуына байланысты аталған мүлік 2021 жылдың шілдесінде оның жұбайы Г.-ға өткенін ағасы А. қайтыс болғаннан кейін белгілі болғанын мәлімдеген.

Қайтыс болған ағасы А. өзінен кейін туған інісі бар екенін біле тұра мұраны өз атына рәсімдеп, талап қоюшының мұрагерлік құқығын бұзған, аталған мұрадан талап қоюшы Я. бас тартпаған.

Сотпен талап қою қанағаттандырылған.

# СЕМИНАР-САБАҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

**Сырдария аудандық сотында кеңсе мамандарының қатысуымен «Құжат айналымын қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар және іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыруға басшылық жасау» бойынша семинар сабағы өткізілді.**

Кеңсе меңгерушісі Н.Е.Әбдікәрім өз баяндамасында аудандық сот төрағасы сотта ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді, сондай-ақ аудандық соттың кеңсесіне жалпы басшылықты жүзеге асыратынын және сот кеңсесінің меңгерушісі іс қағаздарын, сот статистикасын ұйымдастыру және жүргізу, процессуалдық және өзге де құжаттармен жұмыс істеудің осы

Ережеде белгіленген тәртібінің сақталуы үшін жауапкершілікті көрсетіндігін атап өтті.

Жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тiлi мемлекеттiк тiл болып табылады, онымен қатар ресми тiл ретiнде орыс тiлi қолданылады. Өтiнiмдер бойынша жауаптар мемлекеттiк тiлде немесе өтiнiм түскен тiлде берiледi.

Мемлекеттiк органдардың Бiрыңғай электрондық құжат айналымы жүйесiне қосылған Қазақстан Республикасының мемлекеттiк органдарымен электрондық құжат айналым «Төрелiк» АЖ арқылы жүзеге асырылады.

Төрағалық етуші Н.Е.Әбдікәрім осы Ережеде белгіленген процессуалдық және өзге құжаттармен жұмыс істеу тәртібі аудандық соттың барлық қызметкерлері үшін міндетті екенін және Ереже талаптарының сақталуын бақылауды соттар әкімшісі жүзеге асыратынын түсіндіріп өтті.



**(13.02-19.02.2023)**



**Тогыз (21 наурыз-20 сәуір)**

Апта ақшалай сыйлықтар, мақтау, ұсыныстарға толы болады. Өйтсе де, оған тоғышарланып кетуге болмайды. Сіздің бизнесіңізге жаңа қадамдар жасалады. Сондықтан да жаңа білім алудың уақыты келді.



**Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)**

Тіпті сабырлы Торпақ белгісіндегілерге бұл апта эмоцияларға толы болады. Жеке өмірде де, жұмыста да өзіңізді бос жіберіп алмаңыз. Басқалар тарапынан болатын жағымсыз әңгімелерді елемегеніңіз дұрыс.



**Егіздер (21 мамыр-21 маусым)**

Бос уайымның пайда әкелмесін түсінесіз. Өйткені бос қиялмен өмір сүру мүмкін емес. Алайда армандауға ешкім тыным салмайды. Бірақ болашақта сіздің еңбекқорлығыңыз бен табандылығыңыздың пайдасы тиеді.




**Шаян (22 маусым-22 шілде)**

Сіздің сезімталдығыңыз осы аптада айтарлықтай артады. Сондықтан өзіңізді жағымсыз жаңалықтардан, оқиғалардан және адамдардан барынша шектеуге тырысыңыз. Денсаулыққа көбірек көңіл бөліңіз.



**Арыстан (23 шілде-22 тамыз)**

Ғалам сіздің күш-қуатыңызды сынап жатыр. Ұсақ-түйекке дейін мән беретін болсаңыз, бұл сынақтан бейсенбіде шығатын боласыз. Сенімнің ақталып, көптен күткен жақсылыққа кезігесіз. Тек сәл шыдамдылық танытыңыз.



**Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)**

Балалардың мәселесіне назар аудару керек. Әсіресе, отбасына көп көңіл бөлген жөн. Дүниеге жаңа көзқараспен қарау үшін сізге таза қуат, шексіз махаббат және қарапайымдылық қажет болады.




**Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)**

Таразы әлі де қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады. Басқалар сізді түсінбейді, ал сіз біреудің позициясына кіруден үзілді-кесілді бас тартасыз. Олай болса, шешілмеген қақтығыстарды қазіргідей қалдырыңыз.



**Сарышаян (23 қазан-21 қараша)**

Мансаптағы, романтикалық қарым-қатынастардағы және отбасылық байланыстардағы өсу мүмкіндіктерін жіберіп алмаңыз. Сіз бөде нәрселерге әуестенгеніңіз сонша, сізге ештеңе әсер етпейтін болған. Жағдайды дереу түзетіңіз.



**Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)**

Сізге ерекше ұсыныстар түсуі мүмкін. Алайда, шын мәнінде, сіз оған бас тарқаныңыз дұрыс. Бұл айтарлықтай жай ғана іскерлік мәмілелер емес. Ниеті теріс адамдар жолыңызға түсуі мүмкін. Сондықтан не нәрсеге де мұқият қараңыз.



**Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)**

Ескі істер мен жобаларды аяқтау үшін қолайлы кезең. Бірақ жаңа бастамаларды айдың соңына дейін кейінге қалдырған дұрыс. Бұл сіздің өмірге арналған үлкен жоспарларыңызға да қатысты. Жоспар құра біліңіз.



**Сукүйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)**

Сукүйғыш белгісіндегілер сынаққа шыдамайды. Басқамен қарым-қатынасты реттеуге тырыспайды. Сондықтан бос уақытты табиғатта өткізіп, спорт және медитациямен айналысу ұсынылады. Осылай тыныштық табысыз.



**Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)**

Осы аптада бір ережені ұстануыңыз керек. Бұл әңгімелерге, жұмыс міндеттеріне және адамдармен байланыстарға қатысты. Сіз, жұмысбастандығыңызбен мақтанбаңыз. Бір оқпен екі қоян атамын деп ойламаңыз.

## ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ – МЕМЛЕКЕТТІҢ СЕНІМДІ ӨКІЛІ

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексіне сәйкес қызмет атқаруы-қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғарғы талаптар қойылады. Осы тұрғыда 2022 жылғы бірқатар жұмыстар атқарылды.

«Ұлттың, жұртының қызмет ету-білімнен емес, мінезден» дейді Алаш арысы Әлихан Бөкейхан. Қандай болған да, мемлекеттік қызметші әдеп нормаларын сақтауға қалыптасуы, Әдеп кодексін оқып, өзін-өзі үйретуі, өзгелен үйренуі және өзгені үйретуі керек. Осы ретте, ұжым арасындағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында жүргізілетін анонимді сауалнаманың пайдасы өте көп. Біздің мекемеде осы сауалнаманы Әдеп уәкілінің бекітілген жұмыс жоспарындағы реттілігі бойынша жүргізуіміз, соның қорытындысы бойынша қызметкерлердің арасындағы, қызметкер мен басшылардың арасындағы қарым-қатынас, сенімділік, әдеп нормаларын сақтау жағдайлары талқыланып, мекеме басшысына, аудандық, қалалық басқармалар басшыларына қандай мәселелерге көбірек көңіл аудару қажеттігіне нақты кеңестер беріліп отырады. Осындай көпшілікпен жасалатын жұмыс ұжым арасындағы өзара қызметтік ынтымақтастықты нығайтуға, қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға

және ұжымды қызмет барысында ортақ мақсаттарға жетуге біріктіреді деп ойлаймын.

Департаменттің Әдеп жөніндегі уәкілі жеке қабылдаулар, кездесулер және аудандық, қалалық Қазынашылық басқармалар қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында жүргізілетін анонимді сауалнаманың пайдасы өте көп. Біздің мекемеде осы сауалнаманы Әдеп уәкілінің бекітілген жұмыс жоспарындағы реттілігі бойынша жүргізуіміз, соның қорытындысы бойынша қызметкерлердің арасындағы, қызметкер мен басшылардың арасындағы қарым-қатынас, сенімділік, әдеп нормаларын сақтау жағдайлары талқыланып, мекеме басшысына, аудандық, қалалық басқармалар басшыларына қандай мәселелерге көбірек көңіл аудару қажеттігіне нақты кеңестер беріліп отырады. Осындай көпшілікпен жасалатын жұмыс ұжым арасындағы өзара қызметтік ынтымақтастықты нығайтуға, қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға

және ұжымды қызмет барысында ортақ мақсаттарға жетуге біріктіреді деп ойлаймын.



қызметші әдептен озбай, әрдайым заңмен жұмыс істеуге міндетті. Бір сөзбек айтқанда, мемлекеттік қызметші қоғамды алға жетелеуші, үлгілі тұлға болуға тиіс. «Әдеп» кодексінде атап көрсетілгендей, мемлекеттік қызметші адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен

және әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық және әдептілік тануға тиіс.

**Ә.Т.ЕСҚАРАЕВ,**  
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментті басшысының орынбасары,  
Әдеп жөніндегі уәкіл

## АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАРДЫ МӘМС ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ЕМДЕЙДІ

**Қызылорда облысы Жалағаш аудандық ауруханасы ревматоидты артрит, Бехтерев ауруымен ауыратын науқастарға көмек көрсетуде. Кеңес алу және емделу үшін мұнда басқа аудандар мен облыс орталығының тұрғындары жүгінеді.**

Арал ауданы Сексеуіл кентінің тұрғыны Жансая Ақылбекова (аты-жөні өзгертілді) буындары қатты ауырып, Жалағаш аудандық ауруханасына түсті. 50 жастағы әйел ревматоидты артритпен есепте тұр. Бұл ең алдымен буындарға әсер ететін созылмалы жүйелі аутоиммунды ауру. МӘМС арқасында ол тәулік бойы жұмыс істейтін стационарда денсаулығын жақсартты. «Бұған дейін Ақтөбеде тексерулер мен емдеу ақылы түрінде өттім, өйткені бізге ол қала облыс орталығына қарағанда жақынрақ. Мен жұмысысызбын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған едім. Бірақ жергілікті дәрігер МӘМС-дың мүмкіндіктері мен артықшылықтарын түсіндірді. Содан кейін бірыңғай жиынтық төлемді ай сайын төлей бастадым (облыс орталығының тұрғындары үшін – 3 450 теңге, басқа елді мекендердің тұрғындары үшін – 1 725 теңге). Медициналық сақтандырудың арқасында қазір маған қымбат зерттеулер, дәрі-дәрмектер қол жетімді. Жалағаш аудандық ауруханасына емделуге жіберуді өтінім, өйткені мұнда тәжірибелі ревматологтар жұмыс істейді», - дейді Жансая Ақылбекова.

Арал ауданынан келген тағы бір пациент Нұрлан Ахметовке (аты-жөні өзгертілген) үш жыл бұрын Алматы дәрігерлері Бехтерев ауруын анықтаған болатын. Бұл омыртқаралық буындардың зақымдануы болатын жүйелі ауру. Жүре келе омыртқаның бөлімдері қозғалыстығын толығымен жоғалтады.

43 жастағы ер адамға созылмалы дерттің ағымын бәсеңдету үшін жалағаштық дәрігерлер қажетті ем-дом жүргізуде.

«Әр түрлі клиникалар мен ауруханаларда ем алдым, бірақ нәтиже болмады. Мен жұмыс істеймін, жарналарды төлеймін, сондықтан МӘМС-да сақтандырылғаным және маған барлық қажетті медициналық қызметтер, тегін дәрі-дәрмектер қолжетімді. Осы емнен кейін омыртқадағы қатты ауырсыну мазаламайды деп үміттенемін. Дәрігерлерге және аурухананың барлық медициналық қызметкерлеріне мың алғыс!», - деді Нұрлан Ахметов.

Жалағаш аудандық ауруханасының бас дәрігері, ревматолог-дәрігер Еркебулан Мақсұтовтың айтуынша, бұл дертке шалдыққан басқа аудандармен қатар облыс орталығының тұрғындары да кеңес сұрап, емделуде.

2022 жылы Жалағаш аудандық ауруханасында тегін медициналық көмек кепілдік берілген көлемі мен МӘМС аясында 10 мыңнан астам адам емделді. Олар үшін 1,2 млрд теңгеден астам соманы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төлеген.

**Айгүл АХАНОВА,**  
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшы

## МӘМС

### ҚОРҒА 45,9 МЛРД. ТЕҢГЕ АУДАРЫЛДЫ

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2023 жылдың 1 ақпанына дейінгі аралықта Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 45,9 млрд. теңге аударды, оның 28,7 млрд. теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 17,2 млрд. теңге - жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі, - деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

## МӘМС бойынша медициналық ұйымды таңдау құқығын қалай пайдалануға болады?

**Дәрігермен кеңесу, тексеруден өту керек, бірақ емхана жолдама бермейді ме? Пациент медициналық қызметтің белгілі бір түрлері бойынша медициналық ұйымды таңдауға құқылы. Бұл туралы біздің тілшімізге берген сұхбатында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов айтты.**

ӘМСҚ облыстық филиалының басшысы айттып өткендей, егер медициналық себептер бойынша тексеру немесе тар маманның кеңесі қажет болса, бірақ емхана 10 жұмыс күні ішінде сізге осы медициналық қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаса, сізді, бірлесіп орындау шарты бойынша, басқа медициналық ұйымға жіберу керек.

«Белгілі бір қызмет түрлері бойынша пациент медициналық ұйымды өз бетінше таңдай алады. Мұны қалай жасауға болады? fms.kz сайттың «Медициналық қызметтерді сатып алу – Денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқоры - ҚДК жеткізушілер» бөлімдерінде қажетті қызметті табыңыз. Жеткізушілер тізімінен медициналық ұйымды таңдап,

жақын арада қабылдау бар-жоғын анықтаңыз. Жергілікті дәрігерден сол жерге жолдама беруді сұраңыз. Егер емханада сіз таңдаған медициналық ұйыммен бірлесіп орындау шарты болмаса, жолдама берілгеннен кейін ол автоматты түрде жасалады», - деп түсіндірді спикер.

Бақыт Торғайбайұлы хабарлағандай, 14.02.2023 жылғы кезеңде ӘМСҚ Қызылорда филиалы аймақтың 108 медициналық ұйымдарымен шарт жасасқанын (тізім осында орналастырылған), оның 45-і стоматологиялық қызмет көрсетеді (тізім осында орналастырылған).

Егер тағы сұрақтар туындап жатса, сіз өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының келесі байланыс арналары арқылы өтініш жібере аласыз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyruBot.

Осы құралдар арқылы сақтандыру мәртебесін тексеруге болады. Сондай-ақ, медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебенің тексеріп, жүргізілген төлемдер туралы ҚР электрондық үкіметінің сайтында egov.kz «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-ға аударылған сомалар туралы ақпарат» мемлекеттік қызметі арқылы білуге болады.



Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, **8 771 693 31 81,**  
**8 705 982 76 61** нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор**  
**Егиншибаева Анар**  
**Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**  
**Әбілбай Садықбаев**  
**Данияр Сұлтанбеков**  
**Рысбай Кәрімов**

**Бас редактор**  
**Сыдықова**  
**Жанар**  
**ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

**Жауапты хатшы**  
**Зибаш ӘЛИ**  
**8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:**  
**Қызылорда қаласы,**  
**Байтұрсынов**  
**көшесі 46/36**  
**Телефон:**  
**8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 5920 дана**  
**Индекс 66503**  
**Тапсырыс №34**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru**  
**Электронды нұсқасы:**  
**https://ret-gazeta.kz/**